

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары мен салаларының өндірістік кооперациясын дамытуды қолдаудың жалпы шарттары мен механизмі туралы келісім мен осы келісімді жүзеге асырудың механизмі туралы хаттаманың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы<*> ЕСКЕРТУ. Қаулының және Ереженің мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. ~P961031

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 шілде N 914

Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа да мемлекеттердің кәсіпорындары мен салалары арасындағы өзара тиімді өндірістік кооперацияны дамыту үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа да мемлекеттердің кәсіпорындары мен салалары арасындағы өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) берудің тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Кеден комитеті мен атқарушы өкіметтің басқа да мемлекеттік органдары Ашғабат қаласында 1993 жылғы 23 желтоқсандағы қол қойылған Тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары мен салаларының өндірістік кооперациясын дамытуды қолдаудың жалпы шарттары мен механизмі туралы Келісімді (бұдан әрі - 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісім) уақытша қолдану туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің 1994 жылғы 15 сәуірдегі қабылдаған шешіміне орай, осы Келісім аталған мемлекеттер үкіметтерінің 1994 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен енгізілген өзгерістерді ескере отырып және 1994 жылғы 15 сәуірде Мәскеуде қол қойылған осы Келісімнің ажыратылмас бөлігі болып табылатын Келісімді жүзеге асырудың механизмі туралы Хаттама (бұдан былай - Хаттама) бойынша Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Келісіммен және Хаттамамен көзделген өндірістік кооперация және өндірісті мамандандыру туралы келісімдерді жасау мен жүзеге асыру үшін жауапкершілік мыналарға жүктелсін:

Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және сауда министрлігіне - кен-металлургия, химия, мұнай-химия, машина жасау және қорғаныс (азаматтық өнім жөніндегі)

кешендерінің кәсіпорындары, жеңіл, ағаш, ағаш өңдеу өнеркәсіптері мен сауда кәсіпорындары бойынша;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне - отын-энергетика кешенінің, оның ішінде атом өнеркәсібі мен атом энергетикасы кәсіпорындары бойынша;

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне - мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары бойынша;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - көлік және байланыс кәсіпорындары бойынша;

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне - құрылыс кешенінің және руда емес материалдардың кәсіпорындары мен ұйымдары бойынша;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне - мал шаруашылығының өнімін ұқсатушы кәсіпорындары бойынша.

4. Осы қаулының 3-тармағында көрсетілген атқарушы өкіметтің мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, және Қазақстан Республикасы Кеден комитетіне өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру туралы келісімдердің көшірмелерін, сондай-ақ осы келісімдердің негізінде жасалған шаруашылық шарттар, контракттар бойынша тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) беріп тұрушы (алып тұрушы) Қазақстан кәсіпорындарының тізбесін ұсынуды қамтамасыз

етсін.

5. Қазақстан Республикасы Кеден комитеті бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы осы Келісім мен Хаттамаға сәйкес беріліп тұратын тауарларды тасымалдаудың тәртібін айқындасын, сондай-ақ осы тауарлардың жеткізілімін есепке алуды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 4 шілдедегі
N 914 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы басқа да мемлекеттердің

кәсіпорындары мен салалары арасындағы өндірістік
кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде
тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету)
берудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже 1993 жылдың 23 желтоқсанында Ашғабатта қойылған (бұдан әрі - 1993 жылғы желтоқсандағы келісім) Қазақстан Республикасы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына қатысушы мемлекеттердің кәсіпорындары мен салаларының өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) берудің тәртібі туралы үкіметаралық Келісімді және 1994 жылдың 15 сәуірінде Мәскеуде қол қойылған осы Келісімді жүзеге асырудың механизмі туралы Хаттаманы (бұдан әрі - тиісінше Келісім және Хаттама) жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісімге және Хаттамаға сәйкес осы Ереже кооперация бойынша берілетін тауарлардың реті мен кедендік ресімдеу мәселелері жөніндегі бір ізге түсірілген нормативтік құжаттарды қабылдаған және оларды іске қосқан мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда қолданылады.

3. Ереже бірлестіктерді, акционерлік қоғамдарды, бірлескен кәсіпорындарды, ұйымдарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен салаларының Достастыққа қатысушы басқа да мемлекеттердің кәсіпорындарымен, салаларымен және ұқсас құрылымдарымен 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісімге және Хаттамаға сәйкес өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде тауарлар берудің және қызметтер көрсетудің тәртібін айқындайды.

4. Өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде тауарлар беріп тұру дегеніміз - шикізатты, материалдарды, тораптарды, бөлшектерді, босалқы бөлшектерді, дайындамаларды, жартылай өңделген өнімдерді, жинақтаушы бұйымдарды және технологиялық өзара байланысты өндіріс пен түпкі өнімді бірлесіп шығару үшін қажетті салалық және салааралық мақсаттағы басқа да бұйымдарды беріп тұру.

Көрсетілетін қызметтер дегеніміз - жобалау және жөндеу жұмыстары, техникалық қызмет көрсету және технологиялық операциялар.

Тауарларды тексерудің кедендік режимдерінің шеңберінде беріп тұру дегеніміз - Келісімге қатысушы елдердің кедендік заңдарында белгіленген шарттарға сәйкес тауарлар беру.

5. Ереженің күші Достастыққа қатысушы басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен және ұқсас құрылымдарымен өндірістік операция мен өндірісті мамандандыру туралы

халықаралық салалық және салааралық келісімдердің негізіндегі 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісім шартымен контракт (шарт) жасаған кәсіпорындарға, акционерлік қоғамдарға, бірлестіктерге, бірлескен кәсіпорындарға, басқа да шаруашылық субъектілеріне таратылады.

6. Қару-жарақ пен әскери техниканы өндіруге арналған арнаулы жинақтаушы бұйымдарды, материалдарды, жабдықтар мен технологияларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен халықаралық міндеттемелерін сақтау мақсатындағы реттеудің тарифтік емес шараларына жататын басқа да тауарларды беріп тұру Қазақстан Республикасының күшіндегі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының тарапынан келісімдерді жасау мен жүзеге асыру үшін жауапкершілік атқарушы өкіметтің мемлекеттік органдарына жүктеледі. Олар мынадай кәсіпорындар бойынша аталған келісімді жасайды:

кен-металлургия, химия, мұнай-химия, машина жасау, қорғаныс (азаматтық өнім жөніндегі) кешендері, жеңіл, ағаш, ағаш өңдеу өнеркәсіптері, сауда бойынша - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі;

отын-энергетика кешені, оның ішінде атом өнеркәсібі мен атом энергетикасы кәсіпорындары бойынша - Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі;

мұнай-газ кешені - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі;

көлік және байланыс - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

құрылыс кешені - Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі;

мал шаруашылығының өнімін ұқсату жөнінде - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Атқарушы өкіметтің көрсетілген органдарының басқару саласына кірмейтін кәсіпорындар, ұйымдар мен бірлестіктер келісімдерге қосылу үшін өндірістің тиісті профилімен байланысты ұсыныстарын жоғарыда аталған атқару өкіметінің органдарына жолдайды.

8. Келісімдерге өндірістің мамандандырылуын сақтаушы және тауарлар шығару мен қызметтер көрсету жөніндегі кооперацияға қатысушы кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың тізбесі, олар кооперация арқылы шығаратын өнімдердің, көрсететін қызметтердің аса маңызды түрлерінің номенклатурасы мен жеткізілімнің көлемі енгізіледі.

Технологиялық қажеттілік туындаған жағдайда кооперация арқылы шығаратын өнімнің тізбесіне басқа салалардың өнімі енгізілуі мүмкін. Бұл орайда оны тізбеге қосудың негіздемесі үшін атқарушы өкіметтің Келісімге қол қойған органы жауапты болады.

Халықаралық міндеттемелерге сәйкес өнімнің, стратегиялық маңызды шикізат тауарларының, оның ішінде ұқсатуға келіп түсетін алыс-беріс шикізаттың, сондай-ақ осы Ереженің 5-тармағында ескертілген келісімдерге енгізілетін Қазақстан Республикасы мен Достастыққа қатысушы басқа да мемлекеттердің арасындағы қолданып жүрген келісімдерге сәйкес еркін сауда тәртібінен алынып тасталуға жататын өнімнің де тізбелерін осы Ереженің 7-тармағында аталған атқарушы өкімет органдары алдын-ала Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне табыс етеді.

9. Осы Ереженің 7-тармағында аталған мемлекеттік атқарушы өкімет органдары жасалған келісімдердің көшірмелерін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Өнеркәсіп және сауда министрлігіне және Қазақстан Республикасы Кеден комитетіне жібереді.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі атқарушы өкіметтің мүдделі мемлекеттік органдарын тартып:

өнім алмасудың баламалылығын тексеру мақсатындағы бағаларды сараптауды, өнеркәсіптің машина жасау және электротехникалық базасын қамтамасыз етуші меншікті өндірістерді қолдаудың мөлшеріне сараптауды қоса алғанда осы келісімдерге талдау жасауды және баға беруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен салаларының Достастыққа қатысушы басқа да мемлекеттердің кәсіпорындарымен, салаларымен өндірістік кооперациясын дамыту және қолдау механизмін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді.

11. Халықаралық міндеттемелерге сәйкес Қазақстаннан берілетін экспорт, сондай-ақ стратегиялық маңызды шикізат тауарлары Қазақстан республикасының күшіндегі заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Кооперация арқылы шығарылған өнімді беру Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекеттермен сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы мемлекетаралық келісімдерге енгізілуі мүмкін.

13. 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісімге және Хаттамаға сәйкес берілетін тауарларды Қазақстан Республикасының Кеден шекарасы арқылы өткізудің тәртібін Қазақстан Республикасы Кеден комитеті бекітеді, ол бұл тауарлардың жеткізілімін есепке алуды қамтамасыз етеді.

14. Келісімдердің іске асырылуы Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, бірлестіктері мен ұйымдарының олардың негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы басқа мемлекеттердің кәсіпорындары мен ұқсас құрылымдарының арасында контракт (шарт) жасау жолымен жүзеге асырылады.

15. 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісім негізінде жасалған контракт (шарт)

бойынша берілетін тауарлар мен қызметтер үшін кәсіпорындар арасындағы есеп айырысу және ақы төлеу Қазақстан Республикасының өкілетті банктерінде ашылған есеп шоттар арқылы жүзеге асырылады.

16. 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Келісімге сәйкес өндірістік кооперация мен өндірісті мамандандыру шеңберінде Қазақстан Республикасына берілетін тауарларды үшінші бір елдерге, оның ішінде шетелдік жеке және заңды тұлғаларға немесе халықаралық ұйымдарға өз аумағынан осы өнімді жіберіп отырған мемлекеттің өкілетті органының жазбаша келісімінсіз қайта экспорттауға болмайды.

17. Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасының жүйесіндегі кәсіпорындар шарт негізінде мүдделі ұйымдар мен кәсіпорындарға маркетингтік зерттеулер жүргізуге, кадрларды даярлауға, құқықтық, ақпараттық және лизинг қызметін көрсетуге, кәсіпорындардың өндірістік кооперациясын дамытуға бағытталған көрмелер, жарнамалық компаниялар ұйымдастыруға көмек көрсете алады.